# Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясының 2023-2024 оқу жылындағы «Кәсіби бағдар беруші педагогтың» жоспар бойынша атқарылған жұмыстары



«Бекітемін»
Мектеп-гимназия
директоры ________ Ж. Бүркүл

**Жолдыбаева Салтанат Қайратқызы**

**(Кәсіби бағдар беруші педагог)**

**Білуге міндетті:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогика, педагогикалық психология;

психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері;

компьютерлік сауаттылық, оқу процесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;

педагогикалық этика нормалары;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

**Лауазымдық міндеттері:**

Мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдарлау жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз ету;

оқушылардың кәсібін саналы түрде таңдауға бағытталған қызметті жүзеге асыру;

білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға Мамандық таңдау бойынша шешім қабылдауда көмек көрсетеді; қызығушылықтарын анықтау бойынша диагностика жүргізеді, кәсіби бағдарлы диагностиканы талдайды; ерекше білім беру қажеттіліктері бар дарынды білім алушыларды, тәрбиеленушілерді психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына жәрдемдеседі; кәсіпорындарда экскурсиялар өткізеді, әртүрлі мамандықтағы қызықты адамдармен оқушылар үшін кездесулер (әңгімелесулер) ұйымдастырады; кәсіби құзыреттілікті арттырады, заманауи әдістер мен технологияларды қолданады; белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді; балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды.

1. Мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдарлау жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

2. Оқушылардың кәсібін саналы түрде таңдауға бағытталған қызметті жүзеге асырады:

3. Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға мамандық таңдау бойынша шешім қабылдауда көмек көрсетеді:

4. Қызығушылықтарын анықтау бойынша диагностика жүргізеді, кәсіби бағдарлы диагностиканы талдайды;

5. Ерекше білім беру кажеттіліктері бар дарынды білім алушыларды, тәрбиеленушілерді психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына жәрдемдеседі;

6. Кәсіпорындарда экскурсиялар өткізеді, әртүрлі мамандықтағы қызықты адамдармен оқушылар үшін кездесулер (әңгімелесулер) ұйымдастырады;

7. Кәсіби құзыреттілікті арттырады, заманауи әдістер мен технологияларды қолданады;

...сы бойынша құжаттаманы жүргізеді;

9. Балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді;

10. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды.

11.Оқушыларға ақыл-кеңес беріп, кәсіби таңдауларына сәйкес жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, денсаулықтарына байланысты аймақтағы мамандарға сұраныстың қажеттілігін негізге алып мамандық таңдау жұмыстарын ұйымдастыру:

12. Кәсіби білім беру аясында әлеуметтік серіктестікті дамыту;

13.Кәсіби білім беруде мекемелерімен бірлесіп бағыт беру алдындағы, кәсіби бағыт беру жұмыстарын ұйымдастыру;

14.Кәсіби бағдар беруді оқу бағдарламасына, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.

**Жұмыс уақыты:** $9^{00}$-$13^{00}$
$13^{30}$-$16^{30}$

Таныстым: _[signature]_ 2023 ж. _[signature]_

# «Мен және мен таңдаған мамандық»
# (тренинг)





Қазығұрт ауданы
«Болашақ» мектеп-гимназиясы
оқушыларымен жүргізілген жұмыстарға

# Хаттама

**Тақырыбы:** «Мен және мен таңдаған мамандық» тренинг
**Сыныбы:** 9 сынып

**Тренинг мақсаты**: Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру. Оқушының кәсіби бағдарының табандылығын анықтау, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау.

**Құрал-жабдықтар:** компьютер, интерактивтітақта, ақ парақтар, маркер,стикерлер.

I. Сәлемдесу.

II. Негізгі бөлім.
   1. Мамандық таңдауда ұстанатын ережелер
   2. Сізге қандай мамандық лайық (Психологиялық тест)
   3. Ең-ең... (ойын)
   4. «Мамандықты дұрыс таңдадыңыз ба?» Психологиялық тест
   5. Мамандықты тап (ойын)

III. Релакция «Бос микрофон»
Еркін түрінде қатысушылар психологиялық тренингтен алған әсерлері туралы пікір бөліседі

IV. Қорытынды.
Өтілген тренинг бойынша өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген қаншама адам бар, өз жұмысын жанымен сүйіпістейтін адамдардың да саны аз емес екендігі айтылды. Мамандық таңдаудан жаңылмай, өз өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалауына ықпал жасалды.

Кәсіби бағдар беруші педагог: Жолдыбаева Салтанат

# «Климовтың даралап диагностикалау» (сауалнама)





## Климовтық даралап диагностикалау сауалнамасы «ДДС» Сауалнама

| | | |
|---|---|---|
| 1а. Жануарларды бағып, күту | немесе | 1б. Машиналар мен құрал- саймандарға қызмет көрсету ( байкау, карау, реттеу, жөндеу) |
| 2а. Ауруларға көмектесу | немесе | 2б. Есептеу машиналарында кестелер, сызбалар, бағдармалар жасау. |
| 3а. Кітап, плпкат, көркем ашық хаттарды безендіру сапасын байқау. | немесе | 3б. Өсімдіктердің жай-күйін, өсіп-дамуын қадағалау. |
| 4а. Материалдарды өңдеу ( ағаш, мата, металл, пластмасса және т.б.) | немесе | 4б. Тауарларды тұтынушыға жеткізу, жарнамалау, сату. |
| 5а. Ғылыми-көпшілік кітаптарды, мақалалардыталқылау | немесе | 5б. Көркем кітаптарды талдау (пьесалар, концерттер) |
| 6а. Малдардың төлдерін күту, өсіру (жануарлардың тұқымдарын) | немесе | 6б. Жолдастарды жаттықтыру (немесе кішкентайларды) бір іс-әрекетті орындауға көмектесу ( еңбекке, оқуға, спортқа қатысты) |
| 7а. Суреттерден, бейнелерден көшірме жасау ( не музыка аспаптарын жөндеп күйге келтіру) | немесе | 7б. Жүк таситын, түсіретін (көтергішке тасымалдау) құралын басқару (көтергіш кран, трактор, жылумен жүретін тепловоз) |
| 8а. Адамдарға керекті мәліметтер беру, түсіндіру (анықтама бюросы экскурсия және т.б.) | немесе | 8б. Көрмелер, витриналар көркемдеу, рәсімдеу (немесе пьеса, концерт дайындау) |
| 9а. Нәрселер, бұйымдар жасау (киім-кешек, техника) тұрғын үй жөндеу | немесе | 9б. Мәтіндегі, кестелердегі, суреттегі қателерді тауып, түзету. |
| 10а. Жануарларды емдеу | немесе | 10б. Есептеу, есеп шығаруды орындау. |
| 11а. Өсімдіктердінжаңа сорттарын шығару | немесе | 11б. Өнеркәсіптік бұйымдардың жаңа түрлерін конструкциялау, жобалау (машиналар, киім-кешек) |
| 12а. Адамдар арасындағы даудамайды талқылап, түсіндіріп, сендіріп, жазалау, көтермелеу | немесе | 12б. Сызбалар, кестелерді талқылау (тексеру, анықтау, тәртіптеу үйлер, азық-түлік өнімдері) |
| 13а. Көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысын байқау, тексеру. | немесе | 13б. Микробтардың өмірін бақылап, зерттеу. |
| 14а. Медицина аспаптарын, аппараттарын жөндеп, қызмет көрсету. | немесе | 14б. Жарақаттанған, күйген, ауырған адамдарға, медициналық көмек көрсету. |
| 15а. Көрген, елестеген, қиялдағы оқиғаларды көркемдеп шығару. | немесе | 15б. Көрген-білген оқиғалар мен құбылыстарды жазып беру, бақылаған құбылыстар бойынша есеп жазу, олардың объектілерді есептеу. |
| 16а. Аурухана лабораториясында анализ жасау | немесе | 16б. Ауруларды қабылдау, әңгімелесу, емге дәрілер жазып беру. |
| 17а. Бөлменің, үйдің ішін, бұйымдарды бояу, сурет салу. | немесе | 17б. Машиналар мен құрал-сайманды құрастыру, жинау. |
| 18а. Құрбы-құрдастарды, кішкене балаларды театрға, мұражайға апару, экскурсияға, туристік жорықтарға шығару. | немесе | 18б. Сахнада ойнау, концерттерге қатысу. |
| 19а. Сызбаларға қарап машиналардың, киім-кешек бөлшектерін жасау, үй салу. | немесе | 19б. Сызумен айналысу, сызбалар, карта көшірмелерін жасау. |
| 20а. Өсімдіктер ауруларымен, баубақшаңғың, орман жауларымен, зиянды жәндіктермен күресу. | немесе | 20б. Клавишті машиналармен жұмыс жасау(жазу машинасымен, телетайп, теру машинасы және т.б.) |

### ДДС сауалнамасының жауап парағы

Оқушының аты-жөні ______________________________

Мектеп _________ Сынып _________ Күні ______________________

| Табиғат | Техник | Адам | Белгілеу жүйесі | Көркем бейне |
|---|---|---|---|---|
| 1а – | 1б | 2а + | 2б | 3а + |
| 3б | 4а – | 4б | 5а – | 5б |
| 6а – | 7б | 6б | 9б | 7а – |
| 10а | 9а | 8а | 10б | 8б |
| 11а | 11б | 12а | 12б | 13а |
| 13б | 14а | 14б | 15а | 15б |
| 16а | 17б | 16б | 19б | 17а |
| 20а | 19а | 18а | 20б | 18б |
| Е+= | Е+= | Е+= | Е+= | Е+= |
| Е–= | Е–= | Е–= | Е–= | Е–= |
| Пе= | Те= | Че= | Зсе= | Хое= |

# «Мен таңдаған мамандық»
# (дөңгелек үстел



Қазығұрт ауданы
«Болашақ» мектеп-гимназиясы
оқушыларымен жүргізілген жұмыстарға

**Хаттама**

**Тақырыбы:** «Мен таңдаған мамандық»

**Мақсаты:** оқушыларға мамандық таңдау туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта-ықыласын, қызығушылықтарын арттыру, бағыт-бағдар беру және психологиялық қолдау көрсету.

**Сабақтың түрі**: дөңгелек үстел

**Сабақтың көрнекілігі**: слайд, кеспе қағаздар, қанатты сөздер, т.б

**Әдіс-тәсілдері**: түсіндірме жұмыстары, сауалнама, дидактикалық ойындар

**Қатысушылар**:11 сынып

Сабақтың мазмұны:

I. Сәлемдесу.

II. Негізгі бөлім.
   1. «Кім боламын?» (Пікірталас)
   2. Кеңестер
   3. Егер мамандық иесі болсаң не істер едің..... (ситуациялық шешу)
   4. Шағын викторина.

III. Рефлексия
   - Дөңгелек үстелден алған әсерлеріңіз қандай?
   - Қазір қандай күйдесіз?

IV. Қорытынды.

Әбунасыр Әл Фараби: «...адам кез-келген жұмысқа жарамды бола бермейді. Жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса білгір және шебер болып шығады. Қандай әрекет, қандай іс істесекте содан рахмет табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады»,-деген.

Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтан.

Кәсіби бағдар беруші педагог: Жолдыбаева Салтанат

# «Кім боламын?»
# (шай терапиясы)
# Оқу орындарына түсу шарттарын түсіндіру





Қазығұрт ауданы
«Болашақ» мектеп-гимназиясы
оқушыларымен жүргізілген жұмыстарға

**Хаттама**

**Тақырыбы:** «Кім боламын?» (шай терапиясы) Оқу орындарына түсу шарттарын түсіндіру

**Мақсаты:** оқушыларға Шай терапиясын өткізу барысында мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау; кәсіби бағдар беру; түрлі жаттығулар арқылы таным процестерін дамыту, бағыт-бағдар беру және психологиялық қолдау көрсету.

**Сабақтың түрі**: шай терапиясы (әңгімелесу)

**Сабақтың көрнекілігі**: слайд, кеспе қағаздар, т.б

**Қатысушылар**:11 сынып

Сабақтың мазмұны:

I. Сәлемдесу.
II. Негізгі бөлім.
   1. «Балалық шаққа саяхат» (Пікірталас)
   2. Оқу орындарына түсу шарттарын түсіндіру
   3. «Мен 10 жылдан кейін.........
III. Релакция
   - Шай терапиясынан алған әсерлеріңіз қандай?
   - Қазір қандай күйдесіз?
IV. Қорытынды.

"Отанның болашағы, мемлекеттің келешегі жастардың қолында, яғни сендердің қолыңда, сондықтан олардың өрісті ойы, өркенді ісі, табанды тіршілігі тек біліммен ұштасқан біліктің арқасында биік белестерге жетеді"- деген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзімен бүгінгі шай терапиямызды аяқтаймыз. Қатысқандарыңызға рахмет!!!

Педагог-психолог Азимбаева Сабира
Кәсіби бағдар беруші педагог: Жолдыбаева Салтанат

# Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру арқылы мамандыққа және еңбекке деген қызығушылықтарын қалыптастыру
# «Адам – өміріндегі еңбектің рөлі»



**Тақырыбы:** «Мен және мен таңдаған мамандық» тренинг

**Сыныбы:** 9 сынып

**Тренинг мақсаты**: Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру. Оқушының кәсіби бағдарының табандылығын анықтау, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау.

**Құрал-жабдықтар:** компьютер, интерактивтітақта, ақ парақтар, маркер,стикерлер.

I. Сәлемдесу.

II. Негізгі бөлім

1. Мамандық таңдауда ұстанатын ережелер
2. Сізге қандай мамандық лайық (Психологиялық тест)
3. Ең-ең... (ойын)
4. «Мамандықты дұрыс таңдадыңыз ба?» Психологиялық тест
5. Мамандықты тап (ойын)

III. Релакция «Бос микрофон»

Еркін түрінде қатысушылар психологиялық тренингтен алған әсерлері туралы пікір бөліседі

IV. Қорытынды.

**Тренинг барысы**

Кіріспе сөз (тренингтің тақырыбын, мақсатын, жоспарын, эпиграфын айтып кету)

Тақтада бірінен соң бірі слайдтар шығады. Тренингтің эпиграфы «Кәсіп таңдау-тек қана болашаққа үңілу емес, ол өзіннің ішкі жан-дүниеге үңілу...»

**Сәлемдесу «Қол шапалақтары»**

**1. Мамандық таңдауда ұстанатын ережелер»**

- Мектептегі оқу пәндері- нақты мамандық емес. Пәнге деген қызығушылық оған байланысты жұмыстың ұнайтынын білдірмейді.
- Қалаған мамндықтың мазмұнына көңіл аудару.
- Егер мамандық сенің досына ұнаса, саған ұнайды деген қорытынды жасауға болмайды.
- Мамандықтың мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы туралы сұрақтарға жауап бере алғанда ғана сенің таңдаудағы ой-ниетін салмақтана түспек.
- Сән қуып, мамандық таңдаудық қажеті жоқ.Лқуды тәмамдап, жұмас істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы мүмкін.
- Алдағы өмірлік жоспарын қандай болмасын, шетел тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игерген аса пайдалы.
- Заманның ағымына қарай кейір мамандықтар тез еакеріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез келген жағдайда қосалқы таңдаған мамандық болу керек.
- Мүмкіндігінше таңдаған мамандықтың өзіннің денсаулық жағдайына тура келетін- келмейтіндігі жөнінде кеңес алған жөн.

(Оқушылар мен ата-аналар арасында ережелер туралы пікір алмасу жүргізіледі. Осы ережелерге байланысты пікірлеріңіз болса, ой бөлісе отырыңыздар)

**2.Сізге қай мамандық лайық? (психологиялық тест)**



«Бала болашақ тірегі» тақырыбында ата-аналар жиналысы (дөңгелек үстел)





Қазығұрт ауданы
«Болашақ» мектеп-гимназиясы
оқушыларымен жүргізілген жұмыстарға

**Хаттама**

**Тақырыбы:** «Бала болашақ тірегі»
**Мақсаты:** Отбасындағы әке мен ананың ,баланың рөлін айқындау,ата-ананы сыйлауға, қадірлеуге, татулыққа тәрбиелеу; Ата-аналарға баласының болашақ таңдау мамандықтары туралы түсінік беру.
**Сабақтың түрі**: Ата-аналар жиналысы (дөңгелек үстел)
**Сабақтың көрнекілігі**: слайд, кеспе қағаздар, қанатты сөздер, т.б
**Әдіс-тәсілдері**: түсіндірме жұмыстары, сауалнама, бейнеролик
**Қатысушылар**:9 сынып оқушыларының ата-аналары
Сабақтың мазмұны:

I. Сәлемдесу.
II. Негізгі бөлім.
   1. «Баланың болашағы» Видеоролик
   2. Климов сауалнамасының нәтижелерімен танысу
   3. «Караоке» әдісі
III. Релакция
   «Мектеп ұжымына хат»
IV. Қорытынды.

Кәсіби бағдар беруші педагог: Жолдыбаева Салтанат

***«Мамандық таңдау—өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау» тақырында маман иелерімен кездесу.***





Қазығұрт ауданы
«Болашақ» мектеп-гимназиясы
оқушыларымен жүргізілген жұмыстарға

**Хаттама**

**Тақырыбы:** «Мамандық таңдау—өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау»
**Мақсаты:** Оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау.
**Сабақтың түрі**: Кезедесу
**Сабақтың көрнекілігі**: слайд, кеспе қағаздар, қанатты сөздер, т.б
**Әдіс-тәсілдері**: түсіндірме жұмыстары, дидактикалық ойындар
**Қатысушылар**:9-11 сынып оқушылары, кеш қонақтары
**Кеш қонақтары:**

1. Бағила Мұратқызы - ұлағатты ұстаз, Қазығұрт ауданы әжелер алқасының төрайымы;
2. Раев Асылбек Алтынбекович - Қазығұрт ауданы бойынша мелекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы;
3. Бердіқұлов Құралбек Тастанбекұлы - жауапкершілігі шектеулі серіктестік "Омедин" медициналық клиникасының бас дәрігері;
4. Барахов Нұртас Есентаевич - Қазығұрт ауданы 13 ӨСБ аға шебері азаматтық қорғау старшинасы;
5. Асқат Мади Бақытжанұлы - Қазығұрт ауданы 13 ӨСБ радиотелефонисті азаматтық қорғау кіші сержанты;

**Кездесудің бағдарламасы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі
Қонақтарды қарсы алу
II. Негізгі бөлім.
1. Кездесу кешінің ашылуы
2. «Сіз қай мамандыққа лайықтысыз?» Бейнеролик
3. Сұрақ-бізден, жауап-сізден
III. Қорытынды.

Білімді болуға оқу керек.
Бай болуға кәсіп керек.
Күшті болуға бірлік керек.
Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек. (Ахмет Байтұрсынұлы)

Кәсіби бағдар беруші педагог: Жолдыбаева Салтанат

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | «Болашақ» мектеп гимназиясы |
| **Пәні:** | Ата-аналар жиналысы |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Кәсіби бағдар беруші педагог Жолдыбаева С. Алдабергенова М.Бердібаева Д.Оразхан Ж. Теликбаева Шакшамбаева Ж |
| **Күні:** | 30.11.22 |
| **Сынып: 9** | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | «Бала болашақ тірегі» |
| **Сабақтың мақсаты** | Отбасындағы әке мен ананың ,баланың рөлін айқындау,ата-ананы сыйлауға, қадірлеуге, татулыққа тәрбиелеу. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі//уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Ата ананың әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру | Саламатсыздар ма ата аналар. Бүгінгі «ашық есік» күніне қош келдіңіздер. Тақырыппен, мақсатымен, таныстыру<br>**2-3 минут баяндау.** «Бала болашақ тірегі»<br>Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың бекітуімен «2022 жыл Балалар жылы» деп аталды.Мектеп партасында отырған әрбір баланы білімді,дарынды,өнерлі,интеллектуалды етіп тәрбиелеу күн тәртібінен түспейді.Әрбір бала дарынды.Келісесіздер ме ата аналар? Сол дарындылықты аша білуіміз қажет сіздермен бірге. Мәселен компьтерлік бағдарламаларды меңгерген жас өрендер робототехника жасауға машық.Спорттық жарыстарда жүлделі орындар алуда. «Балалар жылы» аясында бітіруші түлектерге техникалық мамандықтарға арналған гранттар саны артып тұр.Біз өскелең ұрпаққа жол ашуымыз үшін барлық жағдайды жасауымыз қажет.2021 ж жылды «Балалар әдебиеті жылы» деп жариялаған болатын.Кітапханаларға оқырмандарды тарту және кітап оқуды насихаттау жөнінде жоспарлар,іс шаралар бекітілді. | Ата аналар мұғалімдер бөлмесіне кірер алдын «баспалдақ» әдісімен өзін таныстырып өтеді.<br><br>өз ойларын ортаға салады. | Мадақтау | АКТ<br> |
| Жаңа білім | Сабақтың барысы:Видеоролик тамашалау<br>**Мұғалімнің түсіндірме жұмысы**<br><br> | Ата аналар видеоролик мазмұнымен танысады.<br><br>Мәтіннен негізгі идеяны анықтайды | **Ата аналар** жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады | Баланың бас ұстазы ата ана.<br><br>Постермен жұмыс |

# «Мамандық таңдау- өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау»

**Мақсаты :**

**Оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау**

«Бекітемін»
мектеп – гимназия
директоры: Ж.Қ. Нұрқұл

## «Мамандық таңдау- өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау»

| | Кездесу бағдарламасы | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Ұйымдастыру кезеңі.<br>Қонақтарды карсы алу | 12.00 | Азимбаева С<br>Көпеева А |
| 2 | Кездесу кешінің ашылуы | 12.10 | Нұрқұл Ж.Қ |
| 3 | Қонақтармен танысу | | Кәсіби бағдар беруші педагог Жолдыбаева С.Қ |
| 4 | «Мамандық таңдау – өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау» тақырыбында кездесуді жүргізу | 12.20 | Кәсіби бағдар беруші педагог Жолдыбаева С.Қ |
| 5 | «Сіз қай мамандыққа лайықтысыз?» сергіту Бейнеролик | 12.30 | Кәсіби бағдар беруші педагог Жолдыбаева С.Қ |
| 6 | Сұрақ-бізден, жауап-сізден | 12.40 | Сынып жетекшілер |
| | Қорытындылау | | Нұрқұл Ж.Қ |


СЕРТИФИКАТ
60 000 ₸
Диплом